

ӘДЕБИЕТТАНУ

М.Мақатаев өлеңдерінің орысша тәржімасы хақында.

*Адаева Ермек Сабырбайқызы
Әл-Фараби атындағы ҚАЗҰУ.*

Мұқағали – ақиық ақын. Қазақ поэзиясының мұзбалағы. Сондықтан оның шығармаларының басқа тілдерге, соның ішінде орыс тіліне қалай аударылып жүргенін, орыс тілді оқырманның ақын шығармаларын қалай қабылдағанын білу қазақ аударматануы үшін өте маңызды мәселелердің бірі.

Біз бұл мақаламызда дәуіріміздің классик ақыны Мұқағали Мақатаевтың поэзиясының аударылуындағы жетістіктер мен кемшіліктерді саралап, талдауға тырысамыз. Мұқағали Мақатаев поэзиясының аудармасын зерттеу Қазақстан тәуелсіздік алып, тарихы мен мәдениетіне жаңаша көзқарас қалыптасып отырған бүгінгі таңда аса өзекті болып табылады.

Мұқағали Мақатаев шығармаларының аударылуы жайлы айтпас бұрын поэзиялық шығармалардың аударылуына қысқаша тоқталып кетейік.

Әлем тіліндегі поэзиялық шығармаларды ана тілімізге, ана тіліміздегі шығармаларды әлем тілдеріне аудару қашан да өз маңызын жойған емес. Қай халықтың болмасын шоқтығы биік, терең мазмұнды шығармаларын аудару қазіргі таңдағы игілікті істердің бірі екендігі даусыз мәселе. Түпнұсқа белгілі бір халықтың ұлттық ақынының шығармасы болса, ұлттық сипаты барынша анық, түсінікті болса, ондай жағдайда оны өзге тілге аудару аудармашыдан үлкен жауапкершілікті ғана емес, сонымен қатар үлкен талантты да талап етеді. Яғни тәржімашінің таланты — ерекше талант болуы керек. Және оны дұрыс бағалай білу қажет. Прозалық шығармалар аудармасымен поэзиялық шығармалар аудармаларының арасында біраз айырмашылықтар бар. Көркем шығармаларды аударушы түпнұсқаның жолынан шықпай, оның жүйесінен ауытқымай еңбектенеді. Ал өлең сөзді аударғанда аудармашы өз ойын автордың ойымен астастыра, жарыстыра отырып, өзінің лирикалық сезіміне жол береді. Дегенмен, аудармашы түпнұсқадан алшақтап, мазмұн мен пішіні жағынан ауытқымайды. “Ақынға, ақынның белгілі өлеңінің тууына негіз болған өмір құбылыстарының тобын танып, таразылай отырып, ақынның ойлау, сезіну даралығын, оның шығармашылық тұрғысы мен нысанасын түсінген кезде ғана аудармашының еңбегі шығармашылық дәрежеге көтеріліп, поэтикалық қасиетке ие болады” (1).

Асылы, көркем аудармаға қойылатын ең басты талап немесе шарт — көркемдік-идеялық күй мен эстетикалық ләззатын жеткізу. Әрбір сөзге жармаса бермей, автордың ойын жеткізуге шұғылданған жөн. Поэзиялық шығармаларда аудармашы қолданатын тәсілдер: интонация, ырғақ, ұйқас, образдылық элементтер қандай дәрежеде берілгеніне де байланысты. Поэзиялық шығармалардың аудармасы, туған әдебиетіміздің эстетикалық мүмкіндіктерінің молайуына, әдеби тіліміздің байи түсуіне айрықша әсер етеді.

Жалпы қазақ поэзиясының, соның ішінде көрнекті ақын М.Мақатаев шығармаларының аударылуы аударматану ғылымындағы аз зерттелген назар аударарлық мәселелердің бірі. Мақатаев лирикасын орыс тіліне аударудағы мақсат оның шығармашылығын аудармашыларымыз әр кезде қалай ұғынғандығында емес, төл әдебиетімізге аударма өнерін өрістету бағыты, уақыт озған сайын түпнұсқаға қалай жақындай түскендігін аңғарту.

Мұқағали орыс тілінде орысша сөйлеуі тиіс. Түпнұсқаның мәтінін ғана емес, бүкіл рухын, көркемдік қасиетін, сөз өрнегі мен сиқырын оқырманға айна-қатесіз абайлату, аңғарту үшін шалқар шабыт, салиқалы шеберлік жұмсалуды тиіс. Тіпті, ол-оңай көрінетін тармақтың өзі де, жеке сөздер де аудармашыны ойландыруы шарт. М.Мақатаев лирикасын орыс тіліне аудару дәстүріне айрықша көңіл бөлу – әдеби процестің өзінен оның даму барысында, көркем аударам саласына зер салу мұқтаждығынан туған заңды құбылыс.

Бүгінгі таңда М.Мақатаев өлеңдерінің аударылған екі жыр жинағы ғана бар. Біріншісі - М.Курганцев пен Ю.Александрованың аударуындағы "Зов души" деп аталатын жинақ. Екіншісі – 2002 жылы белгілі ақын Орынбай Жанайдаровтың аударуындағы өлеңдері мен поэмалары. Ендігі сөз осы аудармалар жайында болмақ.

Жалпы аудармашылардың аударма мәтіннің сапасы мен оның түпнұсқаға сәйкестігін көрсететін поэтикалық шығармалардың басты компоненті автордың идеясы мен мазмұнын, шығармаларының құрылымы мен ырғағын бере білгенін айта кетуіміз керек. Түпнұсқаның тілін білмейінше, балама аударма жасау мүмкін емес.

Бұл орайда түпнұсқаның тілін білмейтіндер үшін барлық үміт жолма-жол аудармада. Сондықтан "подстрочник" бойынша аударма жасау үшін аударылатын ақынның шығармашылығымен толық таныс болу қажет.

Енді ақынның 1966 жылы жазылып, "Армысындар, достар" жинағына енген "Кең дүние, төсінді аш, мен келемін" өлеңіне тоқталып кетейік.

Кең дүние, төсінді аш, мен келемін,
Алынбаған ақым бар сенде менің
Бұйрат құмдар – бұйығып шөлдегенім,
Бура бұлттар – бусанып терлегенім.

Аспанындай кей сәтте күрсінемін,
Жас талындай жауқазын бүршік едім,
Кең дүние керемет қалпыңменен,

Жүрек болып кеудеме кірші менің.

Байтақ ел, балауса тау, бозаң далам,
Секілді бәрі менен көз алмаған,
Кең дүние, кенде етсең сыбағамнан,
Шырылдаған сәбидей мазанды алам. (2,45)

Автор кең дүниені жандандырып оған қарата сөйлейді... Өзгеге ұқсамайтын өзіндік асқақ үн. Тәкаппар сезім, зор сенім бар үнінде. Мына дүниеге жай ғана қолқа салып емес, бермесін тартып алардай, жарық әлемге, өмірге деген құштарлық, ынтызарлық оның бойындағы қуат-жігерді толағай күшке, тау қопарар қайратқа айналдырғандай. Ол өмірде кеткен есесі үшін бірде бусанып, бірде бұйығып, осынау кең дүниені тар кеудесіне сыйғызғысы келеді. Мына әлемнің сол асқақ тынысы ақын жүрегімен осылай бірге соққанда ғана оның жауқазындай жаны бір сәт тыным алатын сияқты. "Байтақ ел, балауса тау, бозаң даланың" жасындай өткір үнімен жаңғыртады. Алайда арыңды екпін толассыз күйдегі құр айғай емес. Нәзік сезімге ойысып, биязылықпен өрілген талапқа ұштасып жатады.

Кең дүние, кенде етсең сыбағамнан,
Шырылдаған сәбидей мазанды алам, –
деп, толағай күшпен емес сәби үнімен өзіне ұйытады. Адам қасиетінің күдіретін осылайша дөп басып айтқан ақын сөзінің жетегіне еріп, сезім құшағына еніп, қиял қанатына мінгендей күйге түсетінің рас. Бұл өлеңнің жолма-жол аудармасы былай:

Широкий (необъятный, просторный, огромный, обширный) мир
(Вселенная, земля, простор) раскрой объятия, я иду!
Есть долг за тобой (Ты должен вернуть мне долг хочу вернуть свой долг)
Холмистые пески – неумная жажда моя. /Лохматые облака – мой пот/
Иногда я, как небо также вздыхаю, / Был я, как бутон подснежника,
деревцем твоим молодым (юным, зеленым)

Необъятный мир, своей изумительной (необычайной) формой, /Сердцем
войди в мою грудь/,

Обширный край, горы с мягкой, сочной травой, серая степь, / Все с меня не
сводят глаз как будто!

Необъятный мир, если недодашь/лишишь меня/ мне доли моей,

Не дам тебя покоя, как плачущий младенец (дитя, ребенок).

Шығарманың орыс тілінде екі нұсқасы бар. Алғашқы тәжірибе –
М.Курганцевтікі. Кейінгі аударма – О.Жанайдаровтікі.

М.Курганцевтің аудармасы кейбір сәйкессіздіктеріне, кемшін тұстарына қарамастан жақсы жасалған. Өлең барынша түпнұсқамен барабар аударылған. Бастан-аяқ көтеріңкі күйге негізделген. Ырғағы да сақталған. Аудармашы көптеген сөздердің мағынасын беру үшін сөз тіркестерін сәтімен пайдаланған.

Аудармасына назар аударайық:

Простор неоглядный, себя мне открой!
Хочу говорить откровенно с тобой!
Горит моя жажда – рождаются реки
Мой пот облаками встает над землей (3,56).

Аударма мәтінінің бірінші, төртінші тармақтары түпнұсқаның мазмұнын дәл береді. Бірақ шумақтың үшінші тармағындағы аударма дәл емес. Түпнұсқада "бұйрат құмдар" сөз болады, ал аудармашы "рождаются реки" деп береді. Аудармашы тармақтың мағынасын түсінбеген немесе жолма-жол аудармада сөздің мағынасы дұрыс түсіндірілмеген. Осы тұста орыс тіліне аударылған қазақ ақындарының шығармалары өз дәрежесінде жетпесе оған түпнұсқа мен аударма арасындағы дәнекер жолма-жол аударушылардың да қатысы бар екенін де айта кетуіміз керек. Сондықтан да жолма-жол аудармашылар да кез-келген адам емес, аударманың нағыз кәсіби маманы болуы керектігі қазіргі кезде жиі айтылып жүр.

Әдеби аудармашы шығармаға алғашқы саяхатты сол жолма-жолшының көмегімен жасайды. Сондықтан да қазақ әдебиетін орысша аударудың ұятына да, абыройына да жолма-жол аударушы дегендер т үтел ортақ.

Аударманың екінші шумағы:

Дышу твоей почвой и небом твоим,
Подснежником, почкой, ковром травяным,
Медовым, полынным, хмельным ароматом,
И ветром, и светом, и хлебом твоим (3,56).

Түпнұсқада: "Аспанындай кей сәтте күрсінемін" деп беріледі, ал аудармада: "дышу... небом твоим". Бұл арада "дем алу" мен "күрсіну" сөздерін пайдалануда мағыналық сәйкессіздіктер бар. Ал шумақтың үшінші, төртінші тармақтары Курганцевтің аудармасында мүлдем жоқ. Олардың орнына аудармашы өз өлең жолдарын енгізген.

Соңғы үшінші тармағы:

Простор неглядный, степные края,
Веселые горы. Вы слышите – я.
Потребовал громко у целого мира:
-Да будет мне отдана доля моя!

Бұл жерде М.Курганцев түпнұсқада жоқ болғанына қарамастан өз еркімен "веселые горы" деген сөз тіркесін енгізген. Аудармашы осылай "балауса" сөзінің мағынасын бергісі келген тәрізді. Ал шумақтың төртінші тармағы төл сөз формасында түпнұсқадағы мағынаны дәл берген.

Енді осы өлеңді Орынбай Жанайдаровтың аудармасында қарастырып көрейік. Аудармашы өлеңнің тақырыбын "Жизнь, раскрой же объятя" деп аударған екен. Ары қарай оқиық.

Жизнь, раскрой же объятя,
Разомкни же тиски,
Все что недодала мне, возврати как долги,
Я другим все отдал, был щедрее дождя,

Асығады байғұстар, өзін-өзі қинайды...
Бұлақтардың көбісі дарияға құймайды!
Дарияны қайтеді,
Мұнысы да жөн шығар,
Мүмкін олар даласын шөл етуге қимайды,
Бар қуатын өзінің топырағына сыйлайды (5,78).

Осы өлеңнің жолма-жол аудармасын келтірейік.

/И горные родники текут/. И дум (мыслей) родники бегут (ручьи текут)/.
Каждый по своему бьется (ударяются) о берег/. Одни текут медленно/, Одни
(другие) вздымаются сердито/, Но все они, что поделать (увы) не могут течь
вверх/, /Все они устремляясь, ищут только низины "впадины, равнины,
долины)/, Каждый из них по своему/, Ровняют ряды свои/, Влившись в реу
большую, успокоится в море/, Надеются (не теряют надежды) эти бедняги
(бедняжки) /, Одни лежат грохоча (шумя)/, Одни текут гладко/, Одни остались
в озерах, горло (гортань) наполнив песком (с забившимся в горло песком, с
застывшим(/, /Спешат (торопятся) бедняги/, Не понимают (не знают)
наверное/, Что в конце концов место их в бездне (пучине, глубине) (окажутся в
бездне)/, /Торопятся (спешат, бегут) бедняги, Мучая (истязая) себя/... Многие
из ручьев не вливаются в реки! Зачем (к чему) им река/, Возможно (может) они
и правы/. Возможно, степь свою не хотят они видеть голой пустыней (не хотят
допустить, чтоб земля их превратилась в пустыню)/. Всю силу (мощь, энергию)
свою дарят (отдают) пескам свои они/. Бұл өлеңнің аудармасын "Ойларым
менің" деген атпен Ю.Александров жасаған.

Аудармасына назар аударайық.
Журчат сверкающие мысли,
Как будто горные ключи.
Они над безднами повисли.
В сиянье дня, в слепой ночи
Вот что-то их слегка тревожит,
Вот веселы они опять...

Но ни одна из них не может
Свое волнение унять!
Они блистательны,
Не спорю.
Они ликуют и гремят.
Но каждый миг стремятся к морю
Уже который год подряд.
Что за надежда,
За причина?

Ведет их в столь далекий путь?

Чем привлекает их пучина?
Неужто жаждой отдохнуть?
Но ведь не все впадают в море
Нетерпеливые ручьи...
Я пребываю с ними в споре.
Они мои или ничьи?!
А ежели мои –
Навеки
Оставлю их в родном краю.
Пусть мысли добрые,
Как реки,
Напоят лучше степь мою! (3, 89).

Кейбір қысқартуларына қарамастан Александров аударманы дұрыс орындап шыққан. Мысалы үшінші шумақтың соңғы тармақтарын аудармашы тастап кеткен. Ал автордың негізгі ойларының бірі аталған шумақтарда көрініс тапқан.

Ал келесі бір ойды Ю.Александров сәл өзгертулер енгізе отырып аударып шыққан. Түпнұсқада соңғы шумақтың 6-7 тармақтарында: "мұнысы да жөн шығар, мүмкін олар даласын шөл етуге қимайды" делінеді. Ю.Александров бұл жолдарды: "Пусть мысли добрые, как реки, напоят лучше степь мою!" деп тәржімалаған.

Жалпы аударманы кейбір әттеген-айларына қарамастан сәтті шыққан деп айтуымызға болады. Әдетте поэтикалық мәтінді қазақ тілінен орыс тіліне аударғанда кездесетін басты қиындықтардың бірі – бұл тілдердің өлең құрылымының әртүрлі екендігінде. Қазақ тілі – силлабикалық, ал орыс тілі силлаботоникалық өлең жүйесіне жатады. Бірақ қандай жүйеге жататындығына қарамастан кез-келген халықтың өлең құрылымы буынға негізделген. Айырмашылығы буынның қалай пайдаланылатындығында немесе аударылатын тілдердегі буынға байланысты заңдылықтарда ғана. Мәселен, силлаботоникалық жүйедегі өлеңде буынның екпінді, екпінсіз екендігі басты назарда болады, ал силлабикалық жүйеде қандай түрге жататындығына қарамастан барлық буындар есепке алынады. Көріп отырғанымыздай өлеңнің жүйелік құрылымындағы ерекшеліктер айқын көрініп тұр. Ең бастысы аудармадағы ырғақ сақталуы қажет. Ал "өзігінен өзгерістер енгізу" аударма шығармалардың көпшілігінде кездеседі. Бұл біздіңше аудармашының аударылатын тілді білмегендіктен кездесетін олқылықтар деп есептейміз. Бұл орайда аудармашы еңбегінде түпнұсқаның толық мағынасын көрсете алатын сапалы, кәсіби тұрғыдан орындалған жолма-жол аударманың атқаратын рөлі зор. Сондықтан қазақ тілінен аударатын тәржімашыларға тек қана тілді біліп қана қоймай, сонымен қатар халықтың тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін, салт-дәстүрін де білу керек деген болар едік.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қаратаев М. Поэзия мұраты. // Қазақ әдебиеті. 1971. 23-қыркүйек.
2. Мақатаев М. Армысыздар, достар. – Алматы: 1966.
3. Мақатаев М. Зов души. – Алматы: 1981.
4. Жанайдаров О. Когда спят лебеди. – Алматы: Дәуір, 2002. с. 268.
5. Мақатаев М. Өлеңдер мен поэмалар. 2 том. – Алматы: Жазушы. 1993, 345 б.

Резюме

В статье рассматриваются особенности перевода произведений известного поэта М.Мақатаева на русский язык.

Resume

In this article peculiarities of translation of works of well-known poet M. Makataev are examined.

Özet

Bu makale M. Makataev'in şiirlerinin Rus diline tercümesindeki hususiyetler incelenmektedir.

Ұлт рухын сақтау- сол ұлттың абыройлы парызы. Рухын сақтаған ел өміршең болады. Ұлт та, ұлттың рухы да ең әуелі тіл арқылы танылады. Тілін сақтай алған ел өзін, өзінің ертеңі мен болашағын қамтамасыз ете алады.

Оразбаева Ф.
